



БЕКІТЕМІН

«Балдырған» бөбекжай-
бақтасы меңгерушісі

Т.Бимырзаева

2023 жыл

Семинар-практикум

Мақсаты: Балабақша педагогтерінің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру.

№	Тақырыбы	Қатысушылар санаты	Өткізілу түрі	Өткізілу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Бастапқы)	13-қараша 14-қараша 15-қараша 16-қараша 17-қараша	Г.Абдуллаева Г.Терискенбаева Г.Еркінбекова Р.Әділбекова Ж.Пернебек Ж.Бижанова М.Абдраманова М.Айтуова
2	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Аралық)	12-ақпан 13-ақпан 14-ақпан 15-ақпан 16-ақпан	Г.Абдуллаева Г.Терискенбаева Г.Еркінбекова Р.Әділбекова Ж.Пернебек Ж.Бижанова М.Абдраманова М.Айтуова
3	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Қорытынды)	13-мамыр 14-мамыр 15-мамыр 16-мамыр 17-мамыр	Г.Абдуллаева Г.Терискенбаева Г.Еркінбекова Р.Әділбекова Ж.Пернебек Ж.Бижанова М.Абдраманова М.Айтуова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2023 жылдың 13-17-ші қараша күндері ұйымдастырылған апталық семинар-практикум

АНЫҚТАМАСЫ

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2023 жылдың 13-17 қарашасы күндері аралығында педагог мамандықтың дәуір талабы, заман қажеттілігі жаңа инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, балаларға тәрбие мен білім берудегі жасап жатқан жұмыстарын көрсету мақсатында шығармашылық жұмыстарын, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы көрсетті. Бір аптаға созылған жұмыстардың қорытындысы, 2023 жылдың 17 қарашасы күні қорытындыланып, әдістемелік кеңесте талқыланды.

2023 жылдың 13-қарашасы күні психолог Абдуллаева Гульназира «Жұлдыз» ересек тобында «Жемістің түсі қандай?», «Еркем-ай» кіші тобында «Күзгі жапырақтар», «Балбөбек» ортаңғы тобында «Бұл не? Түсін тап» тақырыптарында өзінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырды. Әр ойын тақырыбы баланың бойына сол айтылған жұмыстарды сіңіруде, ойын әрекеттері мен тәжірибе түрінде өткізілетін іс-әрекеттерге тікелей қатысты екендігіне анық көз жеткізіп, одан шыққан жұмыс нәтижесін де көрсетіп бере алды. Балаларға интербелсенеді тақта арқылы ойындар ойнатып, балалардың қызығушылығын арттырды. 2023 жылдың 14-қарашасы күні «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиешілері Терискенбаева Гайни мен Еркінбекова Гүлжамал сол күнгі режимдік сәттер бойынша барлық дамытушы іс-әрекеттерді үлгілік оқу бағдарламасына сай дамытушы ойындар арқылы сіңіре білді. Түрлі ойын іс-әрекеттерін балалармен бірлесе отырып, өткізгендігін тілге тиек ете келіп, алдағы уақыттарда бұл бағыттарды алдағы уақыттарда жүргізілетін іс-шараларда түрлендіре түсетіндігін, үздіксіз балаға берілетін тәрбие мен оқытуда талмай еңбек ететіндігін айтып өтті. Балаларға интербелсенеді тақта арқылы ойындар ойнатып, балалардың қызығушылығын арттырды.

2023 жылдың 15- қарашасы күні «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Әділбекова Роза мен Абдуллаева Гульназира режимдік сәттердің барлық уақыттарында ақпараттық құралдар (кітап, әлеуметтік желілер, теледидар) арқылы дамыған, білімді, саналы да сапалы, тәрбиелі ұрпақ дайындау біздің және болашақ ұрпақтардың алдында тұрған міндет екендігін көрсетіп, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ақпараттық құралдарды, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, санасына сіңіретіндей жұмыстарын көрсетіп берді. Тақырыпқа сай балаларға серуен ұйымдастырып, пішін түрлерімен таныстырды. Пішіндер туралы өлеңдер оқыды. Сергіту сәтінің өзі пішіндерден құралды. Шығармашылық орталықта балалар бейнелеу іс-әрекетінің әдістерін пайдалана отырып, пішіндерді бояп шықты. Балаларға өздерінің еңбектері туралы айтқыза келіп, жұмыстарын қол өнер орталығына қойды

2023 жылдың 16 қарашасы «Еркем-ай» кіші тобының тәрбиешілері Бижанова Жадыра мен Нұсқабаева Меруерт ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырып, баланың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің артуына, ой-өрісінің кеңеюіне, осы арқылы бойларында имандылық пен инабаттылық қасиеттерін ұялатуға болатындығын, ойын әрекеттерінің барлық салаларда алар орны зор әрі бала тәрбиесінде ең бірінші сатыда тұратын, сол арқылы ғана бала бойына барлық қасиеттірді сіңіріп, дамыта алатындығын өз тәжірибесінен көрсетіп бере алды.

2023 жылдың 17-қарашасы күні дефектолог Айтуова Маржан түзете дамыту тобындағы балалармен балалардың дене бұлшық еттерінің белсенділігін арттыру мақсатынды қимылды ойындар ұйымдастырса мен логопед Абдраманова Меруерт түзете дамыту тобындағы балалармен «Машиналар жүреді» тақырыбындағы ойын іс-әрекеттерін балаларды достыққа, ынтымаққа тәрбиелей отырып, олардың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында түрлі тақпақтар мен дыбыстау қиыншылықтарын тудыратын дыбыстарға артикуляциялық жаттығулар жасату арқылы іс-әрекетті түрлендіре түсті. Балалардың қызығушылығын арттырды.

Осылайша бір аптаға тәжірибелік семинар-практикум жұмыстарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетті.

Қорытына келгенде, педагог мамандардың бір аптаға созылған әдістемелік жұмыстарының барысында артықшылықтарда, кемшіліктерде орын алды. Алдағы уақытта оларды ары қарай дамыту мен жою сияқты жұмыстарды жүргізу керек. Педагогтардың жұмыстарында алға ұмтылушылық пен қатар әлі де кемшіліктердің орын алып отыр. Барлығыда жөндеуге болатын, қолдан келетін іс. Тәрбиеші Терискенбаева Гайнидың ертегі арқылы ұштастырып отырғандығын, тәрбиеші Әділбекова Роза сюжетті желілі ойындар арқылы бала дамуы мен қатар ынтымақтастыққа баулудағы жұмыстарын, тәрбиеші Бижанова Жадыра балалардың дене қимылын жетілдіруде би қимылдарының үндестік тауып жатқандығын, психолог Абдуллаева Гулназира баланы жан-жақты анықтап, оны топпен бірлесіп жұмыс жасауда екендігін, тәрбиеші Нұсқабаева Меруерт бала бойына әуендерді ұялату арқылы сіңіретіні іс-әрекетті көрініс тапса, тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал баланы қабылдау мен үйге қайтаруда жаңа инновациялық технологиялар арқылы бала бойына қызығушылық сезімін ұялатудағы еңбектерін жекелеп атап өтуге болады.

Ұсыныс: Балабақшаның барлық педагогтеріне қатысты нәрсе ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, сондай-ақ режимдік сәттердің барлық уақыттарында баланың ойлау мен есте сақтау, танымдық дағдыларын қалыптастыру үшін заттық-дамытушы орта құруды жалғастыру мен дамытушы ойындарды қолдануды жалғастыру керек.

Әдіскер  О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагог мамандардың шеберлігін шыңдау, шығармашылық ізденістерін шыңдай түсу мақсатында семинар-практикум туралы

АНЫҚТАМА

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2024 жылдың 12 ақпан мен 16 ақпан күндері аралығында «Жаңашыл әдістерді тәжірибемізге ендіре, баланы жан-жақты дамыту» тақырыбында дәуір талабы, заман қажеттілігі жаңа инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, балаларға бес білім дағдылары бойынша тәрбие мен білім берудегі жасап жатқан жұмыстарын көрсетіп, жұмыс нәтижесін, балалардың меңгеру барысын көрсету мақсатында педагог кадрлардың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері көрсетілді. Бір аптаға созылған жұмыстардың қорытындысы, 2024 жылдың 16 ақпаны талқыланып, балабақша әкімшілігінің «Шығармашыл, шебер, заманауи, жаңалыққа жаны құмар педагог» номинациясына бір педагог ұсынылып, тамызда өткізілетін аудандық педагогикалық оқуларға жолдама алды.

2024 жылдың 12 ақпаны күні психолог Абдуллаева Гульназира «Баланың психологиялық саулығын сақтай отырып, дамыту шараларын жүргізу» тақырыбындағы жұмысында бала дамыту үшін ең алдымен оған психологиялық қолдау көрсету (көрсету, түсіндіру, әңгімелеу), мінез-құлық типологиясын анықтау, жас ерекшелігіне қарай топтастыру, отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланысты сақтау және жүргізу, ата-ана-бала тәрбиешінің дөңгеленген дүние сияқты екендігін мәңгі естен шығармау сияқты жұмыстарды жүргізу арқылы ғана бала дамуына жол ашылады. Сондай-ақ, топтардағы қиын балалармен жұмыс жүргізу арқылы ғана ортақ орта құра алатындығымызды айта келе, өзінің тәжірибесінде түрлі әдістерді пайдалана отырып, балалармен жүргізген жұмыстарын, осыдан шыққан нәтижені көрсете келіп, сол жерде педагог мамандармен жұмысын нақтылай түсу үшін іскерлік ойын ұйымдастырып, сауалнама жүргізіп, сол жерде әдістемелік нұсқаулықтардың әдістемесін пайдаланып, нәтижесін жасап көрсетті.

2024 жылдың 13 ақпаны күні «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиешілері Еркінбекова Гүлжамал мен Терискенбаева Гайни «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ақпараттық технологияның ролі» тақырыбы барысында барлық ақпараттық құралдар (газет, журнал, кітап, әлеуметтік желілер, радио, теледидар) арқылы дамыған, білімді, саналы да сапалы, тәрбиелі ұрпақ дайындау біздің және болашақ ұрпақтардың алдында тұрған міндет екендігін айта келіп, қазіргі таңда бес білім салалары мен күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ақпараттық құралдарды, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, санасына сіңіретіндей жұмыстарын көрсетіп берді.

2024 жылдың 14 ақпаны күні «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Әділбекова Роза мен Пернебек Жазира «Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылатын ойын әрекеттерінің маңыздылығы» тақырыбындағы жұмысын бес білім дағдыларында, күн тәртібінде қимылды, ұлттық,

дидактикалық, сенсорлы, сюжетті-желілі ойындарды пайдаланып, ойнату арқылы баланың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің артуына, ой-өрісінің кеңеюіне, осы арқылы бойларында имандылық пен инабаттылық қасиеттерін ұялатуға болатындығын, ойын әрекеттерінің барлық салаларда алар орны зор әрі бала тәрбиесінде ең бірінші сатыда тұратын, сол арқылы ғана бала бойына барлық қасиеттірді сіңіріп, дамыта алатындығымызды баса айтып, өз тәжірибелерінде көрсетіп бере алды.

2024 жылдың 15 ақпаны күні тәрбиеші і Бижанова Жадыра «Мектепке дейінгі ұйымда бала бойындағы музыкалық қабілетті ашу жолдары» тақырыбындағы жұмысын ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде әнді тыңдатудан бастап, оған қайталап беру, топпен айтып қайталау, музыкалық дыбыс арқылы әннің әуенін тыңдату, күннің екінші жартысындағы тәрбиешілердің пысықтау жұмыстарының көмегімен бала бойындағы алғашқы қабілеттірді ашып, оның нәтижесін түрлі мерекелік іс-шараларда көрсетіп келе жатқандығын нақтылай түсті. Сондықтан балабақшада баланың талантын, икемділігін анықтау жұмыстары өте маңызды екендігін тәжірибесінде көрсетті.

2024 жылдың 16 ақпаны күні логопед Абдраманова Меруерт пен дефектолог Айтуова Маржан түзете дамыту тобындағы сөйлеу тілінің бұзылыстары бойынша жас ерекшелігіне олай топ балаларымен бірнеше ойын түрлерін өткізді.

Қорытынды

Шығармашылық жұмыстарды жандандыру мен бала тәрбиесіне тиімді әдістерді ендіруде заман қажеттілігі мен дәуір талабын айқындап беруде тәжірибесімен ой бөлісіп, оның жұмыс барысына кіріктірілуіне өте тәжірибелі жұмыстар жүргізілді.

Ұсыныс

Алдағы уақыттарда бұл бағыттарды жазғы сауықтыру айларында жүргізілетін іс-шараларда түрлендіріп, балалардың дене бұлшық еттерінің, саусақтарының ұсақ моторикаларының дамуының, ой-өрісінің кеңеюінің басты алғы шарты етіп алу көзделсе.

Балабақша әдіскері



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагог мамандардың шеберлігін шыңдау, шығармашылық ізденістерін шыңдай түсу мақсатында семинар-практикум туралы

АНЫҚТАМА

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2024 жылдың 13 мамыр мен 17 мамыр күндері аралығында педагогтердің шығармашылық жұмыстарын шыңдау, ізденістерін арттыру мақсатында дәуір талабы, заман қажеттілігі жаңа инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, балаларға тәрбие мен білім берудегі жасап жатқан жұмыстарын өз тәжірибелері арқылы көрсетіп, жұмыс нәтижесін педагогтер ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде көрсетті. Бір аптаға созылған жұмыстардың қорытындысы бойынша, 2024 жылдың 17 мамыры күні талқыланып, балабақша әкімшілігінің «Шығармашыл, шебер, заманауи, жаңалыққа жаны құмар, креативті педагог» номинациясына бір педагог ұсынылып, тамызда өткізілетін аудандық педагогикалық оқуларға жолдама алды.

2024 жылдың 13 мамыры күні психолог Абдуллаева Гульназира «Баланың психологиялық саулығын сақтай отырып, дамыту шараларын жүргізу» тақырыбындағы жұмысында көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, мінез-құлық типологиясын анықтау, жас ерекшелігіне қарай топтастыру, отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланысты сақтау және жүргізу, сияқты жұмыстарды жүргізу арқылы ғана бала дамуына жол ашылады. Сондай-ақ, топтардағы қиын балалармен жұмыс жүргізу арқылы ғана ортақ орта құра алатындығымызды айта келе, өзінің тәжірибесінде түрлі әдістерді пайдалана отырып, балалармен жүргізген жұмыстарын, осыдан шыққан нәтижені көрсете келіп, сол жерде педагог мамандармен жұмысын нақтылай түсу үшін іскерлік ойын ұйымдастырып, сауалнама жүргізіп, сол жерде әдістемелік нұсқаулықтардың әдістемесін пайдаланып, нәтижелік жұмыстарын көрсетті. 2024 жылдың 14 мамыры күні «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиешілері Еркінбекова Гүлжамал мен Терискенбаева Гайни «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ақпараттық технологияның ролі», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңа технологияны ендіре отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру» тақырыбы барысында барлық ақпараттық құралдар (газет, журнал, кітап, әлеуметтік желілер, радио, теледидар) арқылы дамыған, білімді, саналы да сапалы, тәрбиелі ұрпақ дайындау біздің және болашақ ұрпақтардың алдында тұрған міндет екендігін айта келіп, қазіргі таңда бес білім салалары мен күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ақпараттық құралдарды, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, санасына сіңіретіндей жұмыстарын көрсетіп берді. Жүнісбеков, ТРИЗ, әуенді кесте технологиялары элементтерін пайдаланып, білімі мен тәрбиесінің кеңеюіне зор ықпалын тигізіп жатқандығын, электронды киіз үйдің бала бойына қазақ халқының ертегілерін тыңдатып, есте сақтатуға, патриоттық әндерді тыңдатып, бойларында Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ұялатуға, қазақ күйлерін тыңдату арқылы бойларында әнге деген

құмарлықты оятуды айта келе, әрбір жаңа инновациялық технологиялардың бала қызығушылығын арттырумен қатар түйсігіне жеткізуде де үлкен роль атқаратындығын, балалардың дамуын өзінің жетекшілік жасап отырған қуыршақ театры үйірмесімен ұштастырып отырғандығын тілге тиек етті. 2024 жылдың 15 мамыры күні «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Әділбекова Роза мен Пернебек Жазира «Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылатын ойын әрекеттерінің маңыздылығы» тақырыбында күн тәртібінде қимылды, ұлттық, дидактикалық, сенсорлы, сюжетті-желілі ойындарды пайдаланып, ойнату арқылы баланың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің артуына, ой-өрісінің кеңеюіне, осы арқылы бойларында имандылық пен инабаттылық қасиеттерін ұялатуға болатындығын, ойын әрекеттерінің барлық салаларда алар орны зор әрі бала тәрбиесінде ең бірінші сатыда тұратын, сол арқылы ғана бала бойына барлық қасиеттірді сіңіріп, дамыта алатындығымызды баса айтып, өз тәжірибелерінде көрсетіп бере алды.

2024 жылдың 16 мамыры күні тәрбиеші Бижанова Жадыра «Мектепке дейінгі ұйымда бала бойындағы түрлі дағдыларға қабілетті ашу жолдары» тақырыбындағы жұмысын ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, күннің екінші жартысындағы тәрбиешілердің пысықтау жұмыстарының көмегімен бала бойындағы алғашқы қабілеттерді ашып, оның нәтижесін бейнелеу іс-әрекеттерімен көрсетіп жатқандығын нақтылай түсті. Балабақшада баланың талантын, икемділігін анықтау жұмыстары өте маңызды екендігін тәжірибесінде көрсетті.

2024 жылдың 17 мамыр күні логопед Абдраманова Меруерт пен дефектолог Айтуова Маржан түзете дамыту тобындағы сөйлеу тілінің бұзылыстары бойынша жас ерекшелігіне орай топ балаларымен бірнеше ойын түрлерін, артикуляциялық жаттығулар, қимыл-қозғалыс жаттығулары, тыныс алу жаттығуларын кіріктіре отырып, өткізді. Баланың физикалық қасиеттерін дамыту үшін түрлі тренажерлармен жаттығулар, үрлеу тиүтікшелерімен жаттығулар ұйымдастыра алды.

Қорытынды

Шығармашылық жұмыстарды жандандыру мен айқындап беруде тәжірибесімен ой бөлісіп, оның жұмыс барысына көрсетіліп, бала бойына қалай сіңіріп жатқандықтары туралы және де бір бірімен әдіс алмаса отырып, тәжірибелі жұмыстар жүргізілді.

Ұсыныс

Алдағы уақыттарда бұл бағыттардағы жұмыстар заман талабына сай цифрлық сауаттылық тудыратындай дәрежеде ұйымдастырылу керек сияқты. Ой-өрісінің кеңеюінің басты алғы шарты етіп алу көзделсе.

Балабақша әдіскері



О.Татимова